

Жарма ауданы бойынша 2022 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы қаулысы

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 29 қарашадағы № 508 қаулысы

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Занының 9-бабының 7), 8), 9)-тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Занының 46-бабы 2-тармағының 4)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) бүйріғына сәйкес, Жарма ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота, үйым жұмысшыларының тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде № 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота, үйым жұмысшыларының тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде № 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жолдансын.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Нурғожин

2021 жылғы "29" қарашадағы

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін үйымдардың тізімі

| № р/н | Үйымның атауы | Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам) | Белгіленген квота мөлшері (% үйим жұмысшыларының тізімдік санынан) | Жұмыс орындарының (адам) саны |
|-------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|-------------------------------|
| 1 | "Георгиевка сорғы-жабдықтау зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 84 | 1 | 1 |
| 2 | "Қамқор локомотив " жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Шар локомотив жөндеу депосы" филиалы | 115 | 1 | 1 |
| 3 | "SHARCEM" (Шар цем) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 142 | 1 | 1 |
| 4 | "Шалабай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 114 | 1 | 1 |
| 5 | "САС Казахстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 205 | 1 | 2 |
| 6 | Жарма ауданы әкімдігінің "Горводхоз" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | 54 | 1 | 1 |
| 7 | Жарма ауданы әкімдігінің "Жарма-Су" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | 110 | 1 | 1 |

2021 жылғы "___" _____

№ ___ қаулысына

2 косымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйімдарының тулектері болыш табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін үйімдардың тізімі

| № | Үйімның атапу | Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам) | Белгіленген квота мөлшері (%) үйім жұмысшыларының тізімдік санынан) | Жұмыс орындарының (адам) саны |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|-------------------------------|
| 1 | Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Жарма технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 76 | 1 | 1 |
| 2 | Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Жарма ауданы бойынша "Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 72 | 1 | 1 |
| 3 | Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Жарма ауданы бойынша "Абай атындағы көпсалалы мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 129 | 1 | 1 |
| 4 | Шығыс Қазақстан облысы деңсаулық сақтау басқармасының "Жарма орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | 346 | 1 | 3 |
| | Шығыс Қазақстан облысы деңсаулық сақтау | | | |

| | | | | |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|---|---|
| 5 | басқармасының "Шар қалалық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | 218 | 1 | 2 |
| 6 | Жарма ауданы әкімдігінің "Жарма аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мелекеттік қазыналық кәсіпорны | 115 | 1 | 1 |
| 7 | Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Жарма ауданы бойынша "Бақыршық орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100 | 1 | 1 |
| 8 | Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Жарма ауданы бойынша "Маяковский атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 136 | 1 | 1 |
| 9 | "Георгиевка сорғы-жабдықтау зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 84 | 1 | 1 |
| 10 | Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Жарма ауданы бойынша "Георгивка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 139 | 1 | 1 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК